

Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің арасындағы Жаппай қырып-жою қаруының инфрақұрылымын жоюға қатысты келісімге түзетуге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 1302 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің арасындағы Жаппай қырып-жою қаруының инфрақұрылымын жоюға қатысты келісімге түзетуге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Америка Құрама Штаттары Қорғаныс министрлігінің арасындағы Жаппай қырып-жою қаруының инфрақұрылымын жоюға қатысты келісімге түзету

Төменде "Келісім" деп аталатын, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Америка Құрама Штаттары Қорғаныс министрлігінің арасындағы Жаппай қырып-жою қаруының инфрақұрылымын жоюға қатысты 1995 жылғы 3 қазандағы келісімнің VII бабының 2-тармағына сәйкес, 1996 жылғы 10 маусымдағы, 1998 жылғы 9 қыркүйектегі, 1999 жылғы 17 желтоқсандағы, 2000 жылғы 29 шілдедегі, 2002 жылғы 31 мамырдағы, 2003 жылғы 2 сәуірдегі және 2004 жылғы 28 маусымдағы түзетулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Америка Құрама Штаттарының Қорғаныс министрлігі Келісімге мынадай түзетулер енгізуге келіседі:

1. III баптың 1-тармағындағы "алпыс алты миллион алты мың АҚШ доллары" деген сөздер "жүз миллион АҚШ доллары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. III баптың 2-тармағында "ЭМРМ" деген сөзден кейін "немесе ол тағайындаған атқарушы органдар" деген сөздер қойылсын.

3. III баптың 2-тармағындағы 2e тармақшасының нөмірленуі оны 2g тармақшасы ете отырып өзгертілсін, 2d тармақшасының соңындағы "және" сөзі алып тасталсын және мынадай редакциядағы 2e және 2f жаңа тармақшалары қосылсын:

"e. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалы аурулар ғылыми орталығының базасында

қазіргі заманғы диагностикалық зертхананың құрылысын салу және Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтындағы және Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ғылыми орталығындағы диагностикалық зертханаларды жаңғырту; құрылыстары аяқталғаннан кейін барлық объектілер Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігіне беріледі;

f. АҚШ-тың Қорғанысмині берген патогендер сынамаларынан алынған диагностикалық реагенттерді, моноклональды антиденелерді, генетикалық секвенцияларды қоса алғанда, диагностикалық немесе ғылыми-зерттеу материалдарын ұсыну, бірақ олармен шектелместен; және"

4. III бапта 3 және 4-тармақтарының нөмірленуі оларды 7 және 8-тармақтар ете отырып, өзгертілсін, сондай-ақ мынадай редакциядағы жаңа 3, 4, 5, 6-тармақтар қ о с ы л с ы н :

"3. Бірлескен биологиялық ғылыми зерттеулер және эпидемиологиялық мониторинг шеңберінде ЭМРМ немесе ол тағайындаған атқарушы органдар сұрау салынған патогендер сынамаларын АҚШ-тың Қорғанысминіне беруге және Орталық Азиядағы эпидемиологиялық жағдайға қатысты АҚШ Қорғанысминімен ақпарат алмасуға жәрдемдеседі. Жоғарыда аталған барлық іс-әрекеттердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуына ЭМРМ немесе ол тағайындаған атқарушы органдар жауап береді. Осы ынтымақтастық шарттары III баптың 6-тармағына сәйкес әзірленетін жыл сайынғы жоспарларда белгіленеді.

4. Тараптардың келісуі бойынша ЭМРМ немесе ол тағайындаған атқарушы органдар барлық қауіпті патогендерді мынадай күзетілетін орталықтандырылған зертханаларда: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалы аурулар ғылыми орталығында - адам мен жануарлардың патогендерін; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында - жануарлардың патогендерін; басқа да күзетілетін орталықтандырылған зертханаларда жинақтайды және сақтайды. АҚШ Қорғанысмині молекулярлық диагностика құралдарын, жетілдірілген электронды байланыс құралдарын, сондай-ақ күзетілетін орталықтандырылған зертханаларға патогендердің жұмыстық сынамаларын қауіпсіз және уақтылы тасымалдауға арналған жабдықты бере алады.

5. Орталықтандырылған зертханаларда орналастырылған қауіпті патогендер 2000 жылғы 5 желтоқсанда ұзартылған 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Құрлықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық ұшу қондырғыларын жоюға, авариялы жағдайлардың салдарларын жоюға және ядролық қаруды таратуды болдырмауға қатысты келісім қолданысының барлық уақытысында осы зертханаларда қалады.

6. ЭМРМ немесе ол тағайындаған атқарушы орган АҚШ Қорғанысминімен ынтымақтасып, осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын жобалардың әрқайсысына

қатысты қазақстандық мердігерлердің функцияларын қоса алғанда, негізгі үміттерді, талаптарды және міндеттемелерді сипаттайтын жоспарды жыл сайын әзірлейді, әрі ЭМРМ немесе ол тағайындаған атқарушы орган Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерінің және ведомстволарының келісімі бойынша осындай әрбір жоспардың барабарлығын куәландырады.

Осы түзету қол қойылғаннан кейін күшіне енеді және Келісімнің қолданылу кезеңінде күшінде болады. Осы Келісім қолданысының тоқтатылғанына қарамастан, III баптың 5-тармағы 2000 жылғы 5 желтоқсанда ұзартылған 1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Құрлықаралық баллистикалық зымырандардың шахталық ұшу қондырғыларын жоюға, авариялы жағдайлардың салдарларын жоюға және ядролық қаруды таратуды болдырмауға қатысты келісімнің қолданысы кезеңінде Тараптар арасындағы өзара қарым-қатынасқа қатысты күшінде қала береді.

Осыны куәландыру үшін өз үкіметтерінен тиісті түрде уәкілеттік алған төменде қол қоюшылар осы Түзетуге қол қойды.

200 __ жылғы " ____ " _____ Астана қаласында және 200 __ жылғы " ____ " Вашингтон қаласында әрқайсысы орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасы
Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі үшін*

*Америка Құрама Штаттары
Қорғаныс министрлігі үшін*